

"Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 желтоқсан 1994 ж. N 1435

Монополиясыздандыру, жекешелендіруді жеделдету және тағам өнеркәсібі үшін бәсекеге түссе алатын орта жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясын қолданылып жүрген заңға сәйкес қайта құру тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті: "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының мүліктік құқыққа ие болуы мен міндеттемелерін айқындастырын;

"Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамынан шығарылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген зандарға сәйкес сатуды ұйымдастырын;

айлық мерзім ішінде "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамынан шығарылған кесіпорындарды жедел басқару мен шаруашылығын жүргізу туралы мәселені шешсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Эксимбанкімен және Қазақстан Алембанкімен бірлесіп, айлық мерзім ішінде "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлікті айқындастырын, оның ішінде:

- технологиялар, жабдықтар мен шикізаттар сатып алу үшін алынған валюта және орталықтандырылған (директивтік) кредит ресурстарын тіkelей қатысты субъектілерге - заемшыларға қайта рәсімдесін;

"Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының міндеттемелері бойынша бұрын берілген Қазақстан Республикасының кепілдіктерін қайта тіркеуден өткізсін;

1992 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "КХР-нан Қазақстанға жабдықтар мен тауарлар жеткізуге арналған мемлекеттік кредит туралы" Келісімге сәйкес берілген кредиттің өтелмеген және бұрынғы Алматы темекі комбинаты пайдаланған бөлігін қайтарудың тәртібі мен шарттары туралы мәселені шешсін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" 1993 жылғы 8 қыркүйектегі N 843 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 36, 416-бап) және "Тағам" мемлекеттік

акционерлік компаниясының президенті мен Байқау кеңесі туралы" 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 808 қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК